

БЕКІТЕМІН

ЖК «Бал-бөбек» жеке бөбекжайы

менгерушісі

А.Н.Қайрлиева



Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде «Ақкөгершін» кіші тобына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

2023 – 2024 оқу жылы

Түсінік хат

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті Стандартты;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығының 2 қосымшасы;

-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» бұйрығымен (өзгерістер мен толықтырулар) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» бойынша құрылған

Оқу жүктемесіне 5 білім дағдысының мазмұны кіреді: «Физикалық қасиеттері», «Коммуникативтік дағдылар», «Танымдық және зияткерлік дағдылары», «Шығармашылық дағдыларының , зерттеу іс -әрекетінің дамуы», «Әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларды қалыптастыру». Кіші топта 2-3 жастағы балалар тәрбиеленеді. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың тәрбие мен оқытудың оқу жұмысна ойын арқылы уақыт бөлінеді. Кіші топқа Дене шынықтыру, Сөйлеуді дамыту, Көркем әдебиет, Сенсорика, Қоршаған ортамен таныстыру, Мүсіндеу, Құрастыру, Жапсыру, Музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері беріліп отыр.

Ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарына міндеттері мен күтілетін нәтижесі жазылады, апталық циклограмма құрылады. Оқу жүктеме балалардың жас ерекшеліктеріне қарай, санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламасы негізінде 2023 - 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің
перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: ЖК «Бал-бөбек» жеке бөбекжайы

Топ: «Ақкөгершін» кіші топ

Балалардың жасы: 2 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 2023-2024 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	1. Негізгі қимылдар. Жүру.Қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап,аяқтың ұшымен жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары.Туражолмен, сызықтармен шектелген (ені20-25сантиметр,ұзындығы2-2,5метр)жіптің бойымен жүру. Жүгіру.Бірқалыпты,шашырап,берілгенбағытта жүгіру. Еңбектеу,өрмелеу.Шектеулі жазықтың бойымен еңбектеу. Домалату,лақтыру.Екі қолмен бастапқы қалыпта0,5-метр арақашықтықтағы нысанаға(жоғары)лақтыру; Секіру.Бір орында тұрып қосаяқпен секіру. 2. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. 3. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. 4. Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. 5. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға баулу. 6. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. 7. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру.

		Күтілетін нәтиже: эртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын эртүрлі қалыпта ұстап жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; жеке гигиенаның бастапқы дағдыларын меңгерген; бетін, қолдарын өз бетінше жуады;
	Сөйлеуді дамыту	1. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. 2. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс сөздерін айтқызу 3. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. 4. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтады; ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс сөздерді атайды; сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолданады;
	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Күтілетін нәтиже: шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап береді көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды;
	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды. Күтілетін нәтиже: суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді;

		үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды;
Қоршаған ортамен таныстыру	1. Бала, оның отбасы, үйі. "Мен" бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану. 2. Заттық әлем. Заттарды және олармен әрекеттерді атау, оларды суреттерден тану. 3. Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. 4. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға (тәрбиешінің көмекшісі 5. Адамгершілік тәрбиесі. Балалардың жалпы қабылданған моральдық-адамгершілік нормалар мен құндылықтарды меңгеруіне ықпал ету. 6. Табиғат әлемі. Балалардың табиғат пен табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру. Қоршаған ортадағы өсімдіктермен таныстыру. Күтілетін нәтиже: есімін атағанда жауап береді, өзін айнадан және фотосуреттерден таниды; заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен таниды; ересектердің әрекеттеріне қызығушылық танытады; табиғи материалдардың қасиеттері туралы түсініктері бар; көлік, көше, жол туралы бастапқы түсініктері бар	
Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Күтілетін нәтиже: қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастырады;	
Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, Күтілетін нәтиже: қағазға және құмға сурет салудың бастапқы техникасын меңгерген; қаламды дұрыс ұстайды,	

Қазан		
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Күтілетін нәтиже: сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін біледі;
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту) Күтілетін нәтиже: қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту) біледі;
	Музыка	*** Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту. ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.
Қазан	Дене шынықтыру	1. Негізгі қимылдар Жүру. бір-бірінің қолдарынан ұстап жүру. Тепе-теңдіксақтаужаттығулары. Гимнастикалық скамейканың үстімен жүру. Жүгіру. Бір қалыпта аяқтыңұшыменжүгіру. Еңбектеу,өрмелеу. Көлбеу тақтайдың бойымен еңбектеу. Домалату,лақтыру. Екі қолмен бастапқы қалыпта 0,5-1,5метр арақашықтықтағы нысанаға(төмен)лақтыру; Секіру. Алғақарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін(10-15сантиметр)секіру. 2. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. 3. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. 4. Спорттық жаттығулар Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. 5. Дербес қимыл белсенділігі.

		Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. 6. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу. 7. Сауықтыру-шынықтыру шаралары Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Күтілетін нәтиже: ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады; спорттық жаттығуларды орындау техникасын біледі; шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй танытады; қимылды ойындарды қуана ойнайды; бетін, қолдарын өз бетінше жуады;
	Сөйлеуді дамыту	1. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. 2. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен; 3. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыруға үйрету. 4. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: ойыншық, киім, аяқкиім, ыдыс, жиһаз, көгөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін сөздерді атайды; артикуляциялық жаттығуларды орындайды;
	Көркем әдебиет	Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Күтілетін нәтиже: шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап береді көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды;

	Сенсорика	қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, "көз бен қолдың" сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту. Күтілетін нәтиже: қимылдарды, қолдың ұсақ моторикасын үйлестіру дағдыларын меңгерген;
	Қоршаған ортамен таныстыру	1. Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. 2. Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді (допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу. 3. Көлік. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. 4. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға ыдыс жуады, тамақ әкеледі, сүлгілерді ауыстырады үйрету. 5. Адамгершілік тәрбиесі. Ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. 6. Табиғат әлемі. Сыртқы белгілері бойынша көгөністер (қызанақ, қияр, картоп) мен жемістерді (алма, алмұрт) ажырату. Күтілетін нәтиже: ата-анасын және өзіне қарап отырған басқа ересектерді таниды, олардың аттарын атайды; ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінеді; көлік құралдарының кейбір түрлерін біледі;
	Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Күтілетін нәтиже: Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен құрастыра алады;
	Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, Күтілетін нәтиже: қаламды дұрыс ұстайды.

	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Күтілетін нәтиже: сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін біледі;
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (бүктеу) Фланелеграфта геометриялық фигураларды, доптарды орналастыру. Күтілетін нәтиже: фигураларды, доптарды орналастырады және құрастырады;
	Музыка	***Музыка тындау. Музыканы тындауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тындау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. ***Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Әңгіме бойынша музыканы есте сақтауды меңгереді.
Қараша	Дене шынықтыру	1. Негізгі қимылдар. Домалату, лақтыру. Екі қолмен, әртүрлі тәсілдермен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5 метр арақашықтықтағы нысанаға (төмен, жоғары) лақтыру; отырып және тұрып, түрлі заттардың астынан 0,5-1,5 метр арақашықтыққа доптарды домалату, доптарды бір-біріне домалату. Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. 2. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою; оларды бүгіп, жазу, қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. 3. Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (лақтыру, домалату) жетілдіру.

	4. Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. 5. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. 6. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. 7. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. Күтілетін нәтиже: допты нысанаға лақтырады; доптарды заттардың арасымен, бір-біріне домалатады; қимылды ойындарды қуана ойнайды; белгілі бір ретпен киінеді және шешінеді; үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын біледі.
Сөйлеуді дамыту	1. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. 2. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен; заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. 3. Тілдің грамматикалық құрылымы. заттардың түсін, көлемін, пішінін, дәмін білдіретін сын есімдермен байыту. 4. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Күтілетін нәтиже: сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолданады;

		кітаптардағы иллюстрацияларды қарайды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді,
Көркем әдебиет		Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Күтілетін нәтиже: кітаптардағы иллюстрацияларды қарайды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді,
Сенсорика		Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, Күтілетін нәтиже: ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табады;
Қоршаған ортамен таныстыру		1. Бала, оның отбасы, үйі. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, 2. Заттық әлем. пирамиданы жинау және бөлшектеу, бір текшені екіншісіне қою) орындауға баулу. 3. Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. 4. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу. 5. Адамгершілік тәрбиесі. Дәрекілікке, сараңдыққа теріс көзқарас қалыптастыру; 6. Табиғат әлемі. Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру жаңбыр, жел. Күтілетін нәтиже: заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен таниды; ересектердің еңбек әрекеттерін бақылайды; үй құстарын таниды және атайды; табиғаттың маусымдық өзгерістерін атайды;
Құрастыру		Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (үш қырлы призма), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Күтілетін нәтиже:

		құрылыс материалдарын (үш қырлы призма) ажырата алады;
	Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу. Күтілетін нәтиже: түстерді ажыратады және оларды дұрыс атайды;
	Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту. Күтілетін нәтиже: мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген сазбалшықты өздігінен илей алад);
	Жапсыру	жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, Күтілетін нәтиже: бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қояды және құрастырады;
	Музыка	*** Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән айту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. *** Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Күтілетін нәтиже: Әңгіме бойынша музыканы есте сақтауды үйренеді.
Желтоқсан	Дене шынықтыру	1.Негізгі қимылдар. Жүру. Берілген бағытта шеңбер бойыменжүру. Тепе-теңдіксақтаужаттығулары. заттарғашығу(гимнастикалықскемәйқаға):тұру, түсу. Жүгіру. Белгі бойынша тоқтап, бірінің соңынан бірі (20метрдейін)шағынтопқабөлініпжүгіру. Еңбектеу,өрмелеу. Доғаның астынан еңбектеу. Домалату,лақтыру. Екіқолмен,әртүрлітәсілдерменәртүрлібастапқы қалыпта0,5-1,5метрарақашықтықтағынысанаға(төмен,жоғары)лақтыру; Секіру. 10-15сантиметрбиіктіктен секіруге үйрету;

	2. Жалпы дамытушы жаттығулар. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бұғу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. 3. Қимылды ойындар. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру). 4. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: шанаға отырып, төбешіктен сырғанауға, шананы жібінен сүйретуге, ойыншықтарды шанамен сырғанатуға үйрету. 5. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. 6. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. 7. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру. Күтілетін нәтиже: жүруде тепе-теңдікті сақтайды; шананы жібінен сүйретеді, ойыншықтарды шанамен сырғанатады; қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіреді; үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын біледі.
Сөйлеуді дамыту	1. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. 2. Сөздік қорды қалыптастыру. еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен; Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету. 3. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, 4. Байланыстырып сөйлеу. Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату.

		Күтілетін нәтиже: ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді; жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады; сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолданады;
	Көркем әдебиет	Балалар қыс мезгілі туралы түсіне отырып, жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу қыс мезгіліндегі ойын түрлерімен таныса отырып өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтады; педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтады.
	Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды. Күтілетін нәтиже: көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды топтастырады;
	Қоршаған ортамен таныстыру	1. Бала, оның отбасы, үйі. Баланың жеке тұлғасының қалыптасуына ықпал ету, оның мүдделеріне, қажеттіліктеріне, қалауына, мүмкіндігіне құрметпен қарау, 2. Заттық әлем. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану. 3. Көлік. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. 4. Еңбекке баулу. ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. 5. Адамгершілік тәрбиесі. басқа балалармен бірге, келісіп ойнауға, бір-біріне көмектесуге және жетістіктеріне, әдемі ойыншықтарға бірге қуануға баулу. Ата-аналарын сыйлауға баулу. 6. Табиғат әлемі аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: құрдастарымен бірге ойнай алады; өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық танытады: оларды жақсы көреді, сипайды;

		ненің "дұрыс" немесе "дұрыс емес", "жақсы" немесе "жаман" екенін түсінеді;
	Құрастыру	Өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Күтілетін нәтиже: өз бетінше құрастыруға тырысады; қорапқа құрылыс бөлшектерін жинастырады;
	Сурет салу	дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Күтілетін нәтиже: дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді;
	Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесектерді біріктіру заттардың ұқсастықтарын табу. Күтілетін нәтиже: сазбалшықпен, ермексазбен жұмыстың бастапқы дағдыларына ие; мүсінделген заттардың пішіндерін таныс заттармен салыстырады;
	Жапсыру	Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Күтілетін нәтиже: бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қояды және құрастырады;
	Музыка	Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. Музыка тыңдау. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. *** Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Күтілетін нәтиже: Музыканы есте сақтайды.
Қаңтар	Дене шынықтыру	1. Негізгі қимылдар. Жүру.Шағын топпен қарқынды өзгерте отырып жүру.

	Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. заттарға шығу(гимнастикалық скамейкаға):қолдарын жоғары көтеру. Жүгіру.Өртүрлі қарқынмен заттардың рарсымен жүгіру. Еңбектеу,өрмелеу.Гимнастикалық скамейканың астынан еңбектеу. Домалату,лақтыру.Отырып доптарды домалату. Секіру.Еденде жатқан секіргіштен аттап секіруге үйрету. 2. Жалпы дамытушы жаттығулар. Арқаның бұлшық еттерін және омыртқаның иілгіштік қасиетін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. 3. Қимылды ойындар. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал ете отырып, негізгі қимылдарды (лақтыру, домалату) жетілдіру. 4. Спорттық жаттығулар. Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату. 5. Дербес қимыл белсенділігі. бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. 6. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. 7. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелеңдеп жүгіруді,гимнастикалық орындық үстімен,қолды белге қойып жүре алады. Күтілетін нәтиже: допты нысанаға лақтырады; доптарды заттардың арасымен, бір-біріне домалатады; бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындайды; бетін, қолдарын өз бетінше жуады;
Сөйлеуді дамыту	1. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Артикуляциялық және дауыс аппаратының, сөйлеу кезінде тыныс алу, есту қабілетінің дамуына ықпал ету. гимнастика жасау. 2. Сөздік қорды қалыптастыру. еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен; Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету. 3. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге (сын есім + зат есім, зат есім + етістік), сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру.

		4. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау. Күтілетін нәтиже: еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін сөздерді біледі; кітаптағы суреттерді қарайды, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; артикуляциялық жаттығуларды орындайды;
	Көркем әдебиет	Сурет бойынша әңгіме құрастыруды меңгереді. Жолда жүру ережесін сақтауды, мейірімділікті, ұқыптылықты, көлік түрлерін білуді, өз ойын әңгімелеуге үйренеді. Күтілетін нәтиже: көлік құралдарын атайды; меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолданады; ересектердің сөзін түсінеді, өз ойын айтады;
	Сенсорика	түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Күтілетін нәтиже: түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі қасиеттері бойынша салыстырады;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Балалар табиғат, тіршілік, қоршаған орта туралы түсінеді, балалар өлі және тірі табиғат жөнінде түсінеді. Қысқы табиғатты бақылай біледі. Күтілетін нәтиже: Қоршаған орта туралы түсініктер білді.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну, құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Күтілетін нәтиже: Қалдық материалдардан желімдеуді үйренді.
	Сурет салу	Ересектермен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Қағазға, құмға саусақпен сурет салу, ересектер салған суретті толықтыру. Күтілетін нәтиже:

		қағазға және құмға сурет салудың бастапқы техникасын меңгерген;
	Мүсіндеу	Мүсіндеуге арналған материалдарды қолдану, қолды дымқыл шүберекпен сүрту, дайын болған бұйымды тұғырға орналастыру, жұмыстан кейін материалдарды жинауға үйрету. Күтілетін нәтиже: орналастырады, жұмыстан кейін материалдарды жинастырады;
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Фланелеграфта машиналарды, үйлерді орналастыру. Күтілетін нәтиже: Фланелеграфта машиналарды, үйлерді орналастырады;
	Музыка	***Музыка тыңдау. Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяқ, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ән айту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. *** Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау және аяқты тарсылдату, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу; денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. Күтілетін нәтиже: Таныс әндерді музыка сүйемелдеуімен орындайды.
Ақпан	Дене шынықтыру	1. Негізгі қимылдар. Жүру. Бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. заттарғашығу(Жұмсақ модульге):тұру, түсу. Жүгіру. Әртүрлі қарқынмен заттардың арсымен бірінің соңынан бірі бүкіл топпен жүгіру. Еңбектеу, өрмелеу. Арқанның астынан нысанаға дейін төрттағандап(алақанымен)еңбектеу. Домалату, лақтыру. Отырып және тұрып доптарды домалату. Секіру. Еденде жатқан лентадан аттап секіруге үйрету. 2. Жалпы дамытушы жаттығулар. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бұгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). 3. Қимылды ойындар.

		Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). 4. Спорттық жаттығулар. Шанамен сырғанау: Мұзды жолдармен сырғанау: балаларды қолынан жетелеп сырғанату. 5. Дербес қимыл белсенділігі. өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. 6. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. 7. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Күтілетін нәтиже: шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүреді; белгі бойынша тоқтап жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; спорттық жаттығуларды орындау техникасын біледі; шанамен сырғанайды жеке заттарды қолданады;
	Сөйлеуді дамыту	1. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. 2. Сөздік қорды қалыптастыру. Еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен; 3. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сын есім + зат есім, зат есім + етістік, сөздердің дұрыс айтылуын, зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. 4. Байланыстырып сөйлеу. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Күтілетін нәтиже: ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді; жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады; сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтады;

		сөйлегенде заттарды сипаттау үшін зат есімдер мен етістіктерді, сын есімдерді қолданады. кітаптағы суреттерді қарайды, олардың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; артикуляциялық жаттығуларды орындайды;
Көркем әдебиет	Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Күтілетін нәтиже: таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдайды; суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді,	
Сенсорика	Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттейді және салыстырады.	
Қоршаған ортамен таныстыру	1. Бала, оның отбасы, үйі. ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. 2. Заттық әлем. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану. 3. Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. 4. Еңбекке баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. 5. Адамгершілік тәрбиесі. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. 6. Табиғат әлемі. Өлі табиғат (суық қар) және олармен әрекет ету түрлері қарды домалату, туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау. Күтілетін нәтиже: ата-анасын және өзіне қарап отырған басқа ересектерді таниды, олардың аттарын атайды; жақындарына жанашырлық, қамқорлық танытады;	

	Құрастыру	Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну құрылыс материалдарынан құрастыруға баулу; Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Күтілетін нәтиже: Заттарды үлгі бойынша пішінін түсін ескере отырып тешелерді үйлестіріп құрастыруды игереді. қарапайым құрылысты үлгі бойынша құрастырады;
	Сурет салу	Белгілі бір ережелерді орындау: дұрыс отыру, қағазды умаждамау, қаламды тарсылдатпау, жұмысты ұқыпты жасау. Берілген тақырыпта суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Күтілетін нәтиже: Берілген тақырыпта суреттің қарапайым элементтерін біледі.
	Мүсіндеу	Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, Күтілетін нәтиже: кесе, тостаған, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдетеді;
	Жапсыру	кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды, машиналарды, үйлерді, доптарды, орналастыру. Күтілетін нәтиже: симметриялық пішіндерді, машиналарды, үйлерді, доптарды орналастырады;
	Музыка	Музыкаға деген қызығушылықты ояту, музыка тыңдауға, ән айтуға, қарапайым би қимылдарын орындауға баулу. *** Музыка тыңдау. Әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын ажырата білу, әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. Ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. Музыкалық-ырғақтық қимылдар Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу. Күтілетін нәтиже: Музыкалық әуендерді әндерді меңгереді.

Наурыз	Дене шынықтыру	1. Негізгі қимылдар. Жүру. Шағын топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Заттарға шығу(Жұмсақ модульге):қолдарын жоғары көтеру. Жүгіру. Бағытты өзгертіп 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру. Еңбектеу,өрмелеу. Арқанның астынаннанысанағадейінтөрттағандап(тіземен тіреп)еңбектеу. Домалату,лақтыру. Отырып және тұрып түрлі заттардың астынан 0,5-метр арақашықтықта доптарды домалату. Секіру: (Қатар қойылған2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. 2. Жалпы дамытушы жаттығулар. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Шалқасынан жатқан қалыпта аяқтарын көтеру және түсіру. Тізерлеп тұрып, өкшеге отыру және тұру. Іштің және аяқтың бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. 3. Қимылды ойындар. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру). 4. Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. 5. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. 6. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. 7. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Жыл бойы медицина қызметкерінің жетекшілігімен балалардың денсаулығы мен жергілікті жағдайлар ескеріліп, табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Күтілетін нәтиже: әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді; белгі бойынша тоқтап жүреді; жүруде тепе-теңдікті сақтайды; қимылды ойындарды қуана ойнайды; қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіреді; үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын біледі.
	Сөйлеуді дамыту	1. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау.

		2. Сөздік қорды қалыптастыру. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне баулу, балаларды бесікпен таныстыру, қуыршақты бесікке бөлеп, бесік жырын айтып отырып ойнату арқылы балаларды қамқорлыққа баулу, балаларға бесік жырын күнделікті ұйықтар алдында тыңдатуды әдетке айналдыру, топтағы барлық баланы ересектердің жақсы көретінін сездіру. 3. Тілдің грамматикалық құрылымы. зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. 4. Байланыстырып сөйлеу Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: "Бұл кім (не)?", "Не істеді?". Күтілетін нәтиже: жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін айта алады; бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдайды; оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтады;
	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Күтілетін нәтиже: бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерді, авторлық шығармаларды тыңдайды; кітаптардағы иллюстрацияларды қарайды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді,
	Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды, түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Күтілетін нәтиже: Өлшемдері әр түрлі геометриялық фигуралардың өлшем, пішіні, түсі ажыратуды меңгереді.
	Қоршаған ортамен таныстыру	1. Бала, оның отбасы, үйі. ересектердің басқа балалар сияқты жақсы көретініне сенім қалыптастыру. 2. Заттық әлем. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану. 3. Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.

		4. Еңбекке баулу. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. 5. Адамгершілік тәрбиесі. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. 6. Табиғат әлемі. Өлі табиғат (жылы, суық су, құрғақ, ылғал құм, домалақ, қатты тас, суық қар) және олармен әрекет ету түрлері (су құю, құм тасу, төгу, жинау, мүсіндеу тасты жинау, қалау) туралы түсініктерді қалыптастыру, олармен ойнау және эксперимент жасау. Күтілетін нәтиже: жақындарына жанашырлық, қамқорлық танытады; басқа балалармен бірге, келісіп ойнайды, бір-біріне көмектеседі және жетістіктеріне бірге қуанады; серуенде, сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерін біледі;
	Құрастыру	Құрылыс масштабына сәйкес сюжеттік ойыншықтарды, табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Күтілетін нәтиже: табиғи материалдармен (құм, су, тас) ойнайды;
	Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу. Күтілетін нәтиже: түстерді ажыратады және оларды дұрыс атайды;
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, Күтілетін нәтиже: сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерін біледі; сазбалшықпен, ермексазбен жұмыстың бастапқы дағдыларына ие;
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (бүктеу)

		кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Фланелеграфта геометриялық фигураларды қазақтың ұлттық ою-өрнектерін орналастыру. Күтілетін нәтиже: симметриялық пішіндерді, ою-өрнектерді орналастырады;
	Музыка	*** Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән айту. Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. ***Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Күтілетін нәтиже: Әңгіме бойынша музыканы есте сақтауды үйренеді.
Сәуір	Дене шынықтыру	2. Негізгі қимылдар. Жүру.Бүкіл топпен қарқынды өзгерте отырып, белгі бойынша тоқтап жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Заттардан(биіктігі10-15сантиметр):күрсауданкүрсауғааттапөту. Жүгіру.Бағытты өзгертіп шашырап 30-40 секунд бойына тоқтамай жүгіру. Еңбектеу,өрмелеу.Биіктігі10сантиметр,ауданы50х50 сантиметрмодульге өрмелеу. Домалату,лақтыру.Отырып және тұрып түрлі заттардың астынан 1,5-метр арақашықтықта доптарды домалату. Секіру: (Қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. 2. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолдың білектерін, иық белдеуінің бұлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттығулар. Қолды алға, жоғары, екі жаққа көтеру; қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). 3. Қимылды ойындар. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру). 4. Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегіңсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. 5. Дербес қимыл белсенділігі.

		Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. 6. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. 7. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Күтілетін нәтиже: әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді; шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүреді; спорттық жаттығуларды орындау техникасын біледі; қимылды ойындарды қуана ойнайды; белгілі бір ретпен киінеді және шешінеді;
	Сөйлеуді дамыту	1. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. 2. Сөздік қорды қалыптастыру. Балалардың сөздік қорын: көлік құралдарын және жеке бас гигиенасы заттарын білдіретін зат есімдермен; Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету. 3. Тілдің грамматикалық құрылымы. зат есімдердің көпше түрде дұрыс қолданылуын ескеріп, сын есімдерді зат есімнің көпше түрімен сәйкестендіру. 4. Байланыстырып сөйлеу. Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және неғұрым күрделі (Не әкелді? Кімге әкелді? Неге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: ересектердің сөзін тыңдайды және түсінеді; меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолданады; ересектердің сөзін түсінеді, өз ойын айтады; шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдап, қарапайым сұрақтарға жауап береді;
	Көркем әдебиет	Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Оқып беруді ойыншықтарды, суреттерді, үстел үсті театрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдау.

		Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Күтілетін нәтиже: оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтады; таныс шығармаларды көрнекіліксіз тыңдайды; педагогтің көмегімен шағын тақпақтарды қайталап айтады.
	Сенсорика	Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау. Күтілетін нәтиже: ересектердің нұсқауымен түсі, өлшемі бойынша заттарды табады; заттардың санын ажыратады (біреу-көп);
	Қоршаған ортамен таныстыру	1. Бала, оның отбасы, үйі. Өзінің есімін және жасын атау, үйін және пәтерін тану, отбасы мүшелерінің аттарын атау. 2. Заттық әлем. Заттық-бағдарлық әрекеттерді (қарау, тигізу, бұрау, ашу, белгілі бір объектіге арналған нақты әрекеттерді допты домалату, машинаны итеру, қуыршақты жатқызу, 3. Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. 4. Еңбекке баулу. Ересектердің еңбегіне қызығушылық тудыру. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. 5. Адамгершілік тәрбиесі. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. 6. Табиғат әлемі. "Дұрыс", "дұрыс емес", "қауіпті" түсініктерімен, серуенде және сумен, құммен ойындарда қауіпсіздік ережелерімен (лас суды ішпеу, құмды шашпау, тастарды лақтырмау) таныстыру, өсімдіктер мен жануарларға сүйіспеншілік таныту және қамқорлық жасау. Күтілетін нәтиже: ата-анасын және өзіне қарап отырған басқа ересектерді таниды, олардың аттарын атайды; өздері тұратын үйін және пәтерін таниды; заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен таниды; көлік, көше, жол туралы бастапқы түсініктері бар, көлік құралдарының кейбір түрлерін біледі; жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі.

	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Қарапайым құрылысты үлгі бойынша, ересектің көмегімен, өз бетінше құрастыру, кеңістік қатынастарды түсіну. Күтілетін нәтиже: құрылыс материалдарынан және конструкторлардың ірі бөлшектерінен құрастыра алады; өз бетінше құрастыруға тырысады; қорапқа құрылыс бөлшектерін жинастырады;
	Сурет салу	Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Қаламды үш саусақпен, қатты қыспай ұстау, суреттің қарапайым элементтері ретінде тік және тұйықталған дөңгелек сызықтарды қағаз бетінде жеңіл жүргізу. Күтілетін нәтиже: қағаз бетіне бояулармен сызықтар, жақпалар салады; дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді; қағазға және құмға сурет салудың бастапқы техникасын меңгерген;
	Мүсіндеу	Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Күтілетін нәтиже: мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін меңгерген (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алады, оларды біртұтас етіп біріктіреді, сазбалшықты өздігінен илей алады);
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Фланелеграфта шарларды, гүлдерді орналастыру. Күтілетін нәтиже: қағазды қолданудың қарапайым әдістерін біледі;
	Музыка	*** Музыка тыңдау. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Баяу және көтеріңкі дыбысты, музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер) ажырата білу. Ән айту.

		Ересектің дауыс интонациясы мен аспапқа бейімделе отырып, әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру. *** Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Күтілетін нәтиже: Әңгіме бойынша музыканы есте сақтауды үйренеді.
Мамыр	Дене шынықтыру	1. Негізгі қимылдар. Жүру. Шағын топпен ирелектелген лентаның бойымен жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Тақтайдың үстімен 20 сантиметр арақашықтықта орналасқан кедергілерден (ленталардан) аттап жүру Жүгіру. Жүруден жүгіруге керісінше ауысу. Еңбектеу, өрмелеу. Биіктігі 10 сантиметр, ауданы 50х50 сантиметр модульге өрмелеу. Домалату, лақтыру. Доптарды бір –біріне домалату. Секіру: Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қосаяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге үйрету. 2. Жалпы дамытушы жаттығулар. Орнында жүру. Бастапқы қалыпта тұрып, сол (оң) аяқтың тізесін (заттан ұстап) бүгу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу. Аяқтың өкшесін алға қою. Аяқтың бақайларын қимылдату (отырып). 3. Қимылды ойындар. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбаңдап жүру). 4. Спорттық жаттығулар. Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. 5. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын меңгерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықылас танытуға баулу. 6. Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. 7. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу. Шынықтыру шараларын өткізу кезінде балалардың денсаулық жағдайын ескеріп, жеке тәсілді жүзеге асыру.

		Күтілетін нәтиже: заттардың бойымен, астымен еңбектейді; ересектермен бірге дене жаттығуларын орындай алады; спорттық жаттығуларды орындау техникасын біледі; қимылды ойындарды қуана ойнайды; жеке заттарды қолданады; белгілі бір ретпен киінеді және шешінеді; үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын біледі.
	Сөйлеуді дамыту	1. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Сөйлеу қарқынын, дауыстың жоғарылығы мен күшін ескеріп, дыбыстардың, сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық гимнастика жасау. 2. Сөздік қорды қалыптастыру. еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін етістіктермен; Меңгерілген сөздерді ауызша сөйлеуде өз бетінше қолдануға ықпал ету. 3. Тілдің грамматикалық құрылымы. Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру. 4. Байланыстырып сөйлеу. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Күтілетін нәтиже: еңбек әрекетін (жуу, суару, құю), қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу-жабу, кию-шешу, алу-салу), адамдардың қарым-қатынасын (құшақтау, көмектесу), көңіл-күйін (қуану, күлу, ренжу) білдіретін сөздерді біледі; кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталап ойнайды;
	Көркем әдебиет	Балалардың жастарына сәйкес көркем шығармалар оқу. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беруді дамыту. Күтілетін нәтиже: көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды; оқылған шығармадағы жекелеген сөздерді қосылып қайталап айтады; кітаптардағы иллюстрацияларды қарайды, суреттердің мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап береді,
	Сенсорика	Өлшемдері әртүрлі геометриялық фигураларды, өлшемі, пішіні, түсі бойынша ерекшеленетін біркелкі заттарды топтастыруды.

		түрлі көлемдегі геометриялық фигураларды негізгі түсі, неғұрлым ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру. Заттарды түсі, көлемі, пішіні бойынша өз бетінше зерттеу және салыстыруға мүмкіндік беру. Күтілетін нәтиже: өлшемі бойынша заттарды табады; түсі, көлемі, пішіні бойынша заттарды өз бетінше зерттейді және салыстырады.
	Қоршаған ортамен таныстыру	1. Бала, оның отбасы, үйі. Екі қолмен бір уақытта заттармен әрекет ету, баланың бақылауы мен түсінуіне қол жетімді өмірлік жағдайлардың үзінділерін көрсететін көрнекі заттық-ойын әрекеттерін қолдану. 3. Көлік. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. 4. Еңбекке баулу. Кейбір еңбек әрекеттерін білуге және атауға. Ересектердің еңбегін бақылауға баулу, ересектердің әрекеттерді қалай орындап жатқанына балалардың назарын аудару. Ересектерге көмектесу ниетін қолдау. 5. Адамгершілік тәрбиесі. Жақын адамдарының жағдайын эмоционалды қабылдай білуге тәрбиелеу (жанашырлық, қамқорлық таныту). Ата-аналарын сыйлауға баулу. 6. Табиғат әлемі Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру. Күтілетін нәтиже: заттарды және олармен әрекет етуді біледі, оларды суреттен таниды; жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылыс материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыстың орналасу нұсқаларымен таныстыру. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру дағдыларын бекіту: үстіне, жанына қою. Күтілетін нәтиже: Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастыру біледі.
	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдауларын дамыту. Бейнелерді парақ бетінде орналастыра отырып, түрлі-түсті дақтарды қарама-қарсы үйлестіру арқылы бере білу, дөңгелек және толқын тәрізді сызықтарды бейнелеу, дәстүрлі емес әдістермен суреттер салу. Күтілетін нәтиже:

		қағаз бетіне бояулармен сызықтар, жақпалар салады; дөңгелек, ұзын пішіндерге ұқсас заттарды бейнелейді; қағаздың қасиеттерін біледі;
Мүсіндеу		Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалшықты дұрыс қолдануды жетілдіру. Мүсіндеудің қарапайым тәсілдерін (кесектерді үлкен бөліктерден бөліп алу, оларды біртұтас етіп біріктіру, сазбалшықты өздігінен илеу) үйрету. Күтілетін нәтиже: Берілген тақырыптағы тапсырмаарды қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларына ие;
Жапсыру		Жапсыруға қызығушылықты ояту. Материалдардың (қағаз) қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру және оларды қолданудың қарапайым әдістерін (бүктеу) жапсыру жұмыстарын жасау тәсілдерін (желімсіз) үйрету. Балаларды бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті тәсілмен жасауға (жекелеген бөліктерден), ересектермен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) үйрету. Күтілетін нәтиже: қағазды қолданудың қарапайым әдістерін (ұсақтау, жырту, бүктеу) біледі; бейнелерді фланелеграфта (сызықтарда, шаршыда), қағаз бетіне қояды және құрастырады;
Музыка		***Музыка тындау Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ), оның ішінде қазақ халқының ұлттық аспаптарының (асатаяк, сырнай) дыбыстарымен таныстыру. Ән айту. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту, педагогтің дауыс ырғағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айту. Әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу. *** Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жайып ұшқан құстар), ойындар мен әндерді сахналау. Қимылдарды музыкалық аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту. Күтілетін нәтиже: Әңгіме бойынша музыканы есте сақтауды үйренеді. Музыкалық әуендерді әндерді меңгереді.